

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазагрэкс"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік
кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 қаңтар N 38

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазагрэкс"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны және 1-қосымшаға сәйкес оның еншілес
мемлекеттік кәсіпорындары жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен
"Қазагрэкс" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен
қ а й т а ұ й ы м д а с т ы р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітсін;

2) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) мемлекеттік тіркелгеннен кейін Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік
ету және оны пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
м и н и с т р л і г і н е б е р с і н .

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан
Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитетімен бірлесе отырып, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды
қ а б ы л д а с ы н .

4. 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 11 қаңтардағы

N 38 қаулысына

1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазагрэкс"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қайта ұйымдастырылатын еншілес
мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесі**

1. "Ақтөбе аграрлық сараптамасы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны, Ақтөбе қаласы.
2. "Шығыс Қазақстан аграрлық сараптамасы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны, **Ө с к е м е н** қ а л а с ы .
3. "Жамбыл аграрлық сараптамасы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны, Тараз қаласы.
4. "Батыс Қазақстан аграрлық сараптамасы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны, Орал қ а л а с ы .
5. "Павлодар аграрлық сараптамасы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны, Павлодар қ а л а с ы .
6. "Қарағанды аграрлық сараптамасы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны, Қарағанды қ а л а с ы .
7. "Қостанай аграрлық сараптамасы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны, Қостанай қ а л а с ы .
8. "Солтүстік Қазақстан аграрлық сараптамасы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны, П е т р о п а в л қ а л а с ы .
9. "Оңтүстік Қазақстан аграрлық сараптамасы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны, Шымкент қаласы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 11 қаңтардағы
N 38 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

- 1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;
2) < * >

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 124 қаулысымен .

3) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-25-жолмен толықтырылсын:

"21-25. "Қазагрэкс" ЖАҚ";

- 4) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері және

мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде :

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 205-3-жолмен толықтырылсын:
"205-3. "Қазагрэкс" ЖАҚ".